«Ақшұқыр мектеп –гимназиясы» КММ бойынша

бракераж комиссиясы отырысының

№1 хаттамасы

03.09.2026

Қатысқандар: Бракераж комиссиясының мүшелері 7 адам

Жиналыс өткізілген орын: 114каб

«Ақшұқыр мектеп – гимназиясы» жанынан құрылған комиссиясының бас біріктіруімен асхана қызметі мен асхана қызметкерлерінің медициналық өтілін жүргізу барысын тексеріп, бақылау жасау.

Мәжіліске қатысқандар:

1.1Рахиева А.О. - мектеп директоры,комиссия төрайымы.

1.2.Серкбаева А. - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

1.1. Бекболатқызы А-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
1.4. Сарниязова З.У. – әлеуметтік педагог;
1.5. Кенжесариева Г.Б. – мейірбике;
1.6. Р.Ч.Суюнова - қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
1.7 Аскарова К - ата-ана.

Күн тәртібіндегі мәселе:

1.Асхана қызметі мен асхана қызметкерлерінің қызметтік бағытына бақылау жасау.
2.Мектепте перспективалық және күнделікті ас мәзіріндегі тағамдардың әртүрлі болуы,калориясы мен азық түлік картотекасының болуы туралы;
3.Есептер мен ас мәзірін интернет ресурсына, яғни сайтқа орналастыру және ата-аналардың шағымдары мен ұсыныстары жазылатын журналды жүргізу мәселесі;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы А.О.Рахиеваның басшылығымен, мәжіліс мүшелерінің шешімімен өткізілген ИП «Туралиева» қатысуымен асхана аспаздары мен қызметкерлерінің қызметтік бабы талқыланды.

1.А.О.Рахиева:

Асхана жұмысы талапқа сай, 1-сынып оқушыларының және әлеуметтік санаттағы оқушылардың ас мәзірі бойынша 1-ші,2-ші, нан мөлшері, компот барлығын дерлік тексеріп шықтық. Барлығы да талапқа сай орындалған. 1 кезектің бірінші 15 минуттық қоңырауындағы бір мезгіл ыстық тамақ ішетін 1-сынып оқушыларының саны - 85, 2-ші 15 минуттық қоңыраудағы бір мезгіл ыстық тамақ ішетін 2- 3-4-сынып оқушылар саны – 109, жалпы 1-4 сынып бойынша 311 оқушы тамақтанады.

Әлеуметтік санаттағы жалпы оқушылардың саны –75 оқушы. 1 кезектегі оқушылардың саны- 243, 2 кезектегі әлеуметтік санаттағы бір мезгіл ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны - 139 болып бекітілді. Барлық асхана бойынша жасалған жұмыстар өз бағытымен іске асырылып, жүйелі жұмыс жасалып жатыр.

2. Бекболатқызы А.

Асхана жұмысы барлық талапқа сай, арнайы приборларға құйылған бір мезгіл ыстық тамақты тексеріп тұрамын. Тазалық режимі күнде жүргізіліп қадағалануда. Күнделікті ас мәзірі мектеп директорының бекітілуімен жар тақтасында ілініп тұрады және сол ас мәзірі бойынша ретімен тамақтар дайындалады. Асхана аспаздары мен қызметкерлерінің медициналық өтілі жарамды.

Сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылады.

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай,талдай, талқылай келе комиссия шешім етеді:

1 . Асхана тазалық жұмыстары және күнделікті ас мәзірі мен ас мәзіріндегі тамақты күнделікті тексерілсін;

2 . Өткізілген іс-шараларды комиссия отырыстарының хаттамаларын интернет желісіне салынуы,сайттың жүргізілуі бақылауға алынсын.

3.Комиссия шешімі бойынша асхана жұмысы өз режиміне сай деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы: Рахиева А.О.

Мәжіліс хатшысы: Сарниязова З.У.